

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Жүз жас

Қайсыбір күні түсімде әкемді көрдім. Бұрын да арагідік түсіме кіре беруші еді, бірақ ол кезде баяғы әдетінше көп сөйлемей, томаға-тұйық кейіпте елестейтін.

– Биыл жүз жасқа толдым ба, балам? – дейді маған.

– Сіз жүзге келдіңіз. Сіздің жасыңызды бізге берсе...

– Берсін жасымды! Тек бақида емес, фәниде жет бұл жасқа!

– Әрине, – деймін асыға сөйлеп. – Фәниде жүз жасағанға не жетсін. Жұмат атам сияқты...

– Жұмат атаңды атадың ба? – деді әкем ойлы кейіппен. – Е-е, ол кісілердің сүйегі асыл. Жүз жасқа тың, сергек келді. Ешкімге салмақ салмады. Тік жүрді, тік тұрып өмірден озды. Сендер сияқты колбаса мен капуста жеп өскен борпылдақ ұрпақ емес...

– Әке, атам расында мықты адам. Соңғы өмірінде, бес-алты жыл қасында, бір бөлмеде жатып, түнде қысыла қалса, сіздерге хабаршы болушы едім. Баламын ғой онда. Қазір есіме алсам...

Әрі қарай сөйлей алмай, тұтығып қалғаным!

– Балам, – деді әкем қайта сөзін жалғап. – Менің құрдастарым да биыл жүзге келіп жатыр. Солардың аттары аталып, бүгінгі қазақ дүрілдетіп тойлап жатыр ма, жоқ әлде...

– Қай құрдасыңызды айтасыз, әке? Жүзге толып жатыр дейсіз бе? Кімді айтқыңыз келді, әке-е...

Осылай деп сөйлеп жатып, оянып кетіпшін.

Түн іші. Бөлме қап-қараңғы. Әкемнің әлгіндегі бейнесі әлі де көз алдымда ап-анық көрінеді. Тек даусы жоқ. Үні естілмейді. Енді, міне, бейнесі де біртебірте көмескі тартып, сағымданып барады.

«Әке, түсіндім» дедім ішімнен. «Сіздің құрдастарыңызды мен білмегенде кім білмек! Олар туралы әркез ойлап та қоямын. Сіз, әке, қазақтың қандай нар тұлғалы ғажайып жандарымен бір жылы туғансыз?»

Осыны ойлауым мұң, қиялым да сәулеленіп сала берді.

Есіме әкемнің құрдастары түсті.

Әкемнің құрдастарының ішінде қазақ ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген, қалай мақтаса да жараса беретін үш азамат бар. Олар кімдер?

Олар: Ілияс Есенберлин, Ермұқан Бекмаханов және Жұмабек Тәшенев.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

Сіз білесіз ғой, әке, мен мектепте оқып жүрген кезімде-ақ жазушы болсам деп армандадым. Әрине, бұл арманым аса ықыласты бола қойған жоқсыз. Маған: «Елге пайданды көбірек тигізетін зоотехник не инженер, болмаса дәрігер болсаңшы», деген сөзіңіз есімде. Мен сонда сізге:

– Жазушы адам жанының инженері, – деп қайдағы бір ескі замандағы оқымыстының сөзін айтып, көңіліңізді қалдырғанмын. Сіз үндемегенсіз. Кейінірек анам мұңға бата отырып, сол күндердің сөзін айтты, оған былай депсіз:

– Ай, осы біздің бала аздап қиялилау болып өсіп келе ме, қалай?

Мектепте оқып жүрген шағымда ойда-жоқта Ілияс аға Есенберлиннің «Қаһар» деген көлемді романымен таныстым. Хан Кене туралы тарихи шығарма. Мен ол кезде әрине, Кенесары хан өмірінен аса көп хабардар емес едім, әйткенмен роман мені таң қалдырды. Әсіресе, соңғы тараудағы Кенесарының түс көруі... Өз басының кесіп алынып, Петерборға жеткізілуі... Осының бәрі де Кенесары түсімен баяндалмай ма!

Осындай көріністер бала қиялға қалай әсер етуі мүмкін? Ойладым: шіркін, көркем шығарма жазсаң, осылай жан-дүниені дір-р еткізіп жазу керек; әйтпесе жұрттың басын ауыртып, несіне әуре боласың...

Менің балалық қиялым мені алдамапты, әке!

Өсе келе, әдебиеттің түрлі жанрларымен жете танысып, барынша түсіне бастаған шақта, «Қаһар» романын қайтадан қолға алып оқып шықтым. Ғажап! Бұл роман Ілекеңнің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы екенін де сонда білдім.

Осы күні әдебиет білгірлері «Көшпенділерді» әр қырынан келіп, теңдессіз тарихи трилогия деп, шамашарқына қарап әрқалай мақтап жатады. Қарсылығым жоқ. Мақтаса несі бар! Тек... менің ойымша, осы трилогияның салмағын сездіріп, ең ауыр жүгін көтеріп тұрған кітап – ол «Қаһар!» Егер «Қаһар» жазылмаса, бұл трилогия, бәлкім, көркемдік тұрғыдан бәрібір әлсіз көрінер ме еді, қайтер еді!

Сіздің құрдастарыңыздың бірі саналатын Ілияс ағамен көзі тірісінде екі рет жолықтым, әке! Бұл өткен ғасырдың 70-жылдарының іші болатын.

Бірінде – Жазушылар одағындағы кезекті жиында көріп, амандасып, аз-кем қасында болғанмын. Онда жарытып әңгіме айтылмады. Ал, екінші жолы мен ол кісіні үйіне дейін шығарып салдым. Жол бойы әңгіме айтылды.

Жол үстінде «Қаһар» туралы айта бас тап едім, жазушы аға:

– «Көшпенділерімді» түгел оқы, – деді.

– Ал, мен үшін «Қаһар» өте ыстық.

– «Қаһарды» терең түсіну үшін алдымен алдыңғы екі кітапты оқып ал демедім бе!

– Жақсы, аға, – дедім мен. – Сізге қояр бір сұрағым бар еді.

– Ал, сұра.

– Жастардың жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев туралы соңғы кездері көп ойланып жүрмін, роман жазсам ба деп едім.

– Ол үшін, – деді Ілияс аға. – Сол кезеңде өмір сүрген көптеген қазақ зиялылары туралы мәлімет жинап алуың керек. Әйтпесе бәрі де бос әңгіме.

– Сонда кімдерді айтасыз?

– Ау, шырағым, Ғани өз заманында жалғыз болды дейсің бе? Ғани өмір сүрген кезеңде Алаш қайраткерлері ондап, жүздеп саналды. Әлихан, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып, Мағжан... Ғаниды партияға қабылдаған Сұлтанбек Қожанов! Сосын Нәзір, Тұрар, Темірбек, Садықбек... Көп қой олар.

Шынымды айтсам, Ілекең тез-тез айтқан сол кісілердің есімін тұңғыш рет естіп тұр едім. Аузым ашылып қалыпты.

– Солай бала, – деді Ілекең. – Соларды оқу керек. Соларды танып алу керек. Сосын ғана роман жазуға отырарсың. Жазушы ағаның тұратын үйіне де тақап қалған екенбіз, қоштаса беріп, тоқтап: – Есінде жүрсін, мен хан Кене жайлы роман жазған кезде әлі де саясат сеңі бұзыла қоймағандығын. Романды жарыққа шығару да оңайға түспеді.

– Қалай десек те, «Қаһар» қазақ тарихи романдарына жол салған тұңғыш көркем кесек туынды болып қалады, – деймін мен де жағаласа.

Ілекең жымия сөйлеп:

– Алаш арыстарының есімдері әлі-ақ аршылар, оралар өз халқына! Сонда көрерсің, тарихи шығармалардың кімнен бастау алатынын, – деді. Сосын екі-үш аттады да, қайта бұрылып: – Сен, бала, Әуезовтің «Хан Кене» деген пьесасы болғанын білесің бе? – деді.

– Естуім бар.

– Сол драмалық туынды сонау-у 1928 жылы жазылған. 1934 жылдың басында қазақ драма театрында бір рет сахналанған да. Бірақ, қойылымнан соң авторға да, режиссерге де саяси тұрғыдан едәуір сын айтылып, «Хан Кене» сахнадан алынды. Оған Әуезовтің өзі де тікелей ықпал етті.

– Неге?

– Өйткені, ол кез – аса қиын заман болатын. Партияның қылышынан қан тамып тұрған шақ. Аяғы саяси мәселелерге ұласып кетуі де ықтимал еді...

Аз-кем мүдірді де, Ілекең:

– Мұны айтып жатқаным, – деді. – Кенесары хан тағдырын көркем шығармада алдымен қозғаған – ұлы Мұхтар Әуезов болады. Бұл жағын да ұмытпа.

Осыны айтты да, қош деді.

Мен де қоштастым.

Әке, сізге шынымды айтайын ба, міне, содан бері де қырық жылдай уақыт өтіпті. Ілияс айтқан Алаш арыстарының бірін оқып-танып үлгерсем, екіншісін әлі де еміс-еміс білем. Ал, роман... оны жаза алмаспын, сірә! Тарихи тұлға туралы роман жазу, мен ойлағандай, оңай шаруа емес екен. Түсіндім оны.

Мен, әке, сіздің құрдасыңыз Ілияс Есенберлинді қазақ тарихи прозасындағы алғашқы қарлығаш, яки ең алғаш түрен салған жолбасшы деп танымын. Бүгінгі әңгімеде тек бір ғана романына азкем назар аудардым. Өйткені, бұл жазбада Ілияс шығармашылығы толық талданбақшы емес. Мақсат ол емес болатын.

Ендеше, осымен тоқтала тұрмақпын.

Ермұқан БЕКМАХАНОВ

Әке, сіздің екінші құрдасыңыз – ол Ермұқан Бекмаханов. Бұл кісі қазақ тарихын өзінше зерттеп-зертделеген қазақ ғалымы. Оның да қаламынан талай-талай тамаша мақалалар, зерттеулер, эсселер туды. Көптеген кітаптары басылды. Алайда... мен үшін ең қымбаты – хан Кене туралы жазылған монография сы. Бұл еңбек – «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деп аталады.

Тағы да есіме түсіп отыр.

Сол жолы Ілияс аға маған былай деген-ді.

– Мен тарихи тақырыпқа өз бетімше, «осыны жазайыншы» деп барған жоқпын. Оған тікелей себепкер – Ермұқан Бекмаханов.

– Ол қалай болып еді? – деп қызыға сұрағам.

– Ұлы Отан соғысы жылдарында Ермұқанның Кенесары хан туралы зерттеу кітабын жазуға отыруы ерлік еді. Ол тарихи деректерді табуға қиналған соң, Орталық партия комитетінен көмек сұрапты. Оның бұл ойын бірінші хатшы Жұмабай Шаяхметов қолдап, Нұртас Оңдасыновқа тапсырма берген. Ал, Нұрекең (орынбасарлары) Дінмұхамед Қонаев пен Ілияс Омаровқа «көмек беру керек» деп жүктеген екен. Міне, осындай деректерді жинастыруға көмек беру үшін мен де тартылдым.

– Көп деректер жинай алдыңыз ба?

– Әрине, көп. Сол тарихи құжаттар Бекмахановтың зерттеу еңбегіне негіз болды. Ал, маған болашақ роман үшін таптырмас қазынаға айналды.

Ұлтын сүйген ғалым Кенесары хан туралы зерттеуінің негізінде 1946 жылы докторлық диссертация қорғап, 1947 жылы жеке кітап етіп бастырыпты. Сол кезеңде хан Кене туралы толыққанды сөз еткен толымды еңбек осы болатын-ды. Алайда, бағалы кітаптың шын бағасы берілмеді, қайта соңына шырақ алып түсушілер көбейді.

Ғалым аға бұл еңбегі үшін саяси тұрғыдан көзқарасы күдікті кісі болып, түрменің де дәмін татып қайтты. Қазаққа айбар болған батыл қолбасшы Кенесарыны тым көтермелеп, жоғары бағалап, халық батыры деңгейіне жеткіздің деп кінә тағушылар қаптап кетті.

Аяғы не болды дейсіз бе, әке?

Не болсын, Ермұқан жеңді. Абақтыдан оралды.

Еңбегі жанды. Осы күні жоғары оқу орындарында оның терең мағыналы монографиялық еңбегі оқулық ретінде оқытылып жүр.

Кітаптың құрылымының өзі жаңаша. Мұнда ең алдымен қазақтардың шаруа шылық және әлеуметтік құрылымы тал данады. Қазақ және патшалы Ресей арасындағы сол кездегі байланыс жайы, кейбір қақтығыс-тартыстар сыры ғылыми тұрғыда барынша терең зерделенеді. Содан соң сахнаға хан Кене шығады. Кенесары көтерілісінің себептері мен салдарлары жан-жақты талданады.

Әке, сіз байқайсыз ба, екі құрдасыңыздың да негізгі, басты еңбегі – Кенесары ханға арналыпты. Не себеп? Өйткені, қазақ топырағындағы хандық билік осы Кенесарымен аяқталады. Патшалы Ресей Кенесарыны өлтірткен соң, қазақтарды жаңаша билеу әдісін енгізді. Оның қандай әдіс екенін, сіз, әке, білесіз ғой.

Айтпақшы, жас тарихшы-ғалым Ермұқан Бекмахановтың бұл еңбегін оқып, алдымен бағалаған – заңғар жазушы Мұхтар Әуезов болыпты. Тіпті, докторлық диссертация қозғаған соң құттықтап, қуанышын білдірген Мұхтар ағасы ғалымға хан Кенені ғылыми тұрғыда тірілкеніне үлкен алғысын да айтса керек.

Кейінірек қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері Ермұқанды жауапқа алып, сөз арасында:

– Сен Мұхтар Әуезов және Қаныш Сәтбаевпен сыбайлас болдың ба? Олармен жасырын әңгімелерің бар ма еді? – деген сауалдарына, қасқая қарап тұрып:

– Сәтбаев елге танымал геолог. Ал, Әуезов Одаққа әйгілі жазушы. Мен оларды өз істерінің маманы, білікті ғалымдар ретінде сыйлаймын, – деп жауап қатыпты.

Менің ойымша, әке, қазақ хандығының бір кезеңі, елеулі кезеңі – сол Кенесары ханмен аяқталғаны рас. Бүгінгі күні тарихты зерттеушілер Кенесарыға дейінгі кезең және одан кейінгі кезең деп ой толғаса, еш қателесе қоймас деп ойлап қоямын кей-кейде.

Тарихшы-ғалым Ермұқан Бекмаханов тап осындай соқталы ойды өз зерттеу кітабында астарлап болса да жеткізе алған. Оны бүгінгі ұрпақ тағы да, бастан-аяқ ыждағаттылықпен оқыса, терең ұғына алады.

Қысқасы, әке, Ермұқан жазған бұл еңбек әлі күнге дейін жас тарихшыларға баға жетпес құнды қазына, асыл қазына! Өзім де әркез осы кітапты парақтап, керек деректер тауып отырам. Қайта-қайта айналып соғам! Ермұқан Бекмаханов – осынау тарихи монографиясымен-ақ ұлттық тарих ғылымында өшпестей із қалдырды.

Жұмабек ТӘШЕНЕВ

Әке, сіздің үшінші құрдасыңыз – ол Жұмабек Тәшенев. Біз қазір Астанада тұрып жатырмыз. Осында үлкен мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенев атындағы көше бар. Сол көшемен өтіп бара жатқанымда, неге екені белгісіз, сізді еске алам, әке!

Неге дейсіз бе?

Есіңізде ме, сіз бір жолы көне қала – Түркістанға барып қайттыңыз. Мен ол кезде мектепте оқитын бүлдіршін бала едім.

Кешкісін үйде шәй ішіп отырғанда анашыма қызық әңгіме айттыңыз.

– Түркістанның базарына енді кіре бергенімізде бізді милиция қызметкерлері тоқтатты. «Қазір осы жерден Жұмабек Тәшенев өтеді, сәл кідіре тұрыңыздар», деді. Мен Тәшеневтің кім екенін қайдан білейін: «Оны күтіп тұратындай өкімет бастығы ма», дедім. Сонда қасымдағы бір бозбала жігіт: «Дәл айттыңыз, Тәшенев өкімет басқарған, тек Хрущевке мінезі жақпай қалып, осы Оңтүстікке жер аударылған», деді. Сөйтсем, Тәшенев – аңыз адам екен ғой. Өзі менімен құрдас екен, кемпір...

– Содан не болды? Көрдің бе, Тәшеневті? – деп, апам сұрақ берді.

– Көргенде қандай! Біздің дәл жанымызға келгенде тоқтап, амандасты. Өте сыпайы кісі.

– Қолын алдың ба, шал?

– Жоқ! Қол бермедім. Бірақ алыстан бас изестік. Әлгі милициясы құрғыр кескестемегенде амандасыпшүйіркелесіп те кетер ме едік, қайтер едік...

Осы сөздеріңіз есімде қалыпты.

Кейінірек, есейген шақта бұл жайлы тереңірек сұрап алармын деп ойлаппын да, ылғи да ұмыта беріппін.

Бірақ, сіздің сол қысқа әңгімеңіз, неге екені белгісіз, есімде мәңгі сақталып қалыпты, әке!

Қазір ол кісі жайлы аңыз әңгіме де, тарихи деректер де жетерлік.

Жұмакең – ХХ ғасырдың 60-жылдарында Қазақстан Үкіметін басқарған өте көрнекті тұлға. Ол өзі қызмет атқарған тұста халқы үшін ұшан-теңіз еңбек сіңіргенін ұзақ айтуға болар еді.

Тағы да мен ол әдіске барғым келмей отыр.

Бірақ, Тәшенев – азаматтың есімін аңызға айналдырған бір жағдаятты айт пауға болмайды. Тіпті, мұны қанша рет қайталасақ та, бәрібір аздық етіп тұрады.

60-жылдары осы Астана өңіріндегі (бұрынғы Ақмола) бірнеше облыстың басын біріктіріп, «Тың өлкесі» деп атап, оны тікелей Мәскеуге бағындыру керектігі жан-жақты сөз болыпты. Оны бастаушы – КПСС Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.Хрущев.

Ол заманда, әке, өзіңіз де білесіз, Компартия айтты-бітті, орындалуы керек! Яғни, қазақтың 4-5 облысы көгенделген қозыдай болып, Мәскеуге тікелей бағынып кете бармақ. Міне, осы тұста республика Үкіметін басқарып отырған Жұмабек Тәшенев Н.Хрущевке қарсы үн қатыпты.

– Мен бұл мәселені қолдау тұрмақ, осындай мәселенің көтерілуінің өзіне қарсымын, – деген сөзін тайсалмай айтқан екен.

Қызуқанды қазақтың бұл мінезі, әрине, Н.Хрущевке тіпті де ұнамағаны белгілі. Ұнамағаны былай тұрсын, өзіне атылған оқ сияқты қабылдады. Сөйтті де, еш кінәсі жоқ қайраткер Ж. Тәшеневті орнынан босатып, оңтүстікке қызметке ауыстырды. Басқа біреу болса, кім біледі, морт сынар ма еді, айықпас дерт жамап алар ма еді, ал Жұмабек бұған да мойымады. Тіпті қыңбады да. Шымкентке барып, айтқан қызметті атқарып, сол өңірде зейнеткерлікке шыққанша тұрақтап қалып қойыпты. Сіз көрген кез сол уақыт болар.

Бір жолы, әке, аты аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлы Сарыағаш шипажайында демалып жатқанда, Жұмабек Тәшенев келе қалыпты. Сонда соғыс көрген батыр ширақ қимылдап, орнынан ұшып тұрып:

– Бейбіт күннің батырына сәлем, – деп құрмет көрсетіпті.

– Батыр сізсіз, Бауке! Біздікі жай, күнделікті өмірдегі тіршілік тартысы, деген Жүмекеңе тағы да қайталап:

– Соғыста әркім-ақ ерлік жасай алады, ал бейбіт өмірде ерлік көрсету – нағыз ердің ісі, – депті.

Сіз байқайсыз ба, әке, жазушы Есенберлин мен тарихшы Бекмаханов хан Кенені жазып, елдің рухын көтеруге, халықтың санасын оятуға қызмет етсе, үшінші құрдасыңыз – Тәшенев те сол абзал да ауыр ізбен жүріпті. Кешегі бабаларымыз қасық қаны қалғанша қорғаған кең-байтақ жеріміздің өзгелерге беріліп кетуіне кеуде тосып, қарсы тұра білген қайсар азаматты елі қалай құрметтесе де жараспай ма!

Біз, әке, осы күні Астанада тұрып жатырмыз дедім ғой жаңа! Астана – бұрынғы Ақмола! Қазір еліміздің бас қаласы. Сонау-у 60-жылдары осы жер үшін басын бәйгеге тіккен екен Тәшенев – қайраткер! Ал, бүгінгі Елбасымыз Н.Назарбаев сол ұлт қайраткерлерінің ой-арманын жалғай түскендей. Кезінде Н. Хрущев көз тіккен жер енді қазақ үшін ең қасиетті орынға айналды. Өйткені, бұл жер – Астана! Елімнің бас қаласы табан тіреген қасиетті топырақ...

Әке, бүгінгі ұрпақ Жұмабек құрдасыңызды аңыздама санайды. Сол кісінің есімі асқақтай түссе екен деп армандайды.

* * *

Міне, әке, сіздің үш бірдей құрдасыңыз осындай ізгі де ірі жандар. Олар да сіз секілді биыл 100 жасқа толып отыр. Алайда, дүрілдетіп тойлап жатқан жоқпыз. Бәлкім, олар үшін енді той-томалақтың керегі де бола қоймас! Егер тойлайтын болсақ, ол мына біздер үшін, тірі жүргендер үшін керек шығарақ!

Жә, той өз алдына, ең бастысы – бұлар халқы үшін естен кетпес ұлы ерлік жасап кеткен жандар. Аңыз адамдар.

Сіз сондай асыл азаматтармен құрдассыз, әке!

Өмірде қарапайым өмір сүріп те ерлік жасап, артында із қалдыра білетін жандар аз емес. Мен, әке, сіздің тайғанақ тағдырыңызды да еске алам. Баяғыда... маған оңаша отырып, бір кеш айтқан әңгімеңіз әлі де жадымда.

1928 жылы кәмпеске басталғанда шолақ белсенділердің қысымына шыдай алмай, Кеңес өкіметінің қисық саясатына ренжіп, әкеңіз бастап, елден көшкен кездеріңізді, содан Өзбекстан, Тәжікстан асып, Ауғанстан шекарасына дейін барғаныңызды айтқансыз. Жасөспірім бала екенсіз онда! Бірақ шек ара жабылып қалып, кері қайтыпсыздар. «Менің жас өмірім өксүмен, арманмен өтті», деп едіңіз. Сіз дұрыстап білім де ала алмапсыз. «Мақсатым көп еді, тағдыр толқынымен қақпақылға түсіп, біріне де қол жеткізе алмадым», дегенсіз үлкен өкінішпен.

Ұлы Отан соғысынан соң елге оралып, қара жұмысқа жегілдіңіз. Сіз атқармаған колхоз жұмысы қалмаған да болар-ау! Оның шет жағасын өзім де көргенмін. Кешкісін шәй ішіп отырып, деп-демде қалғып кететінсіз.

Әке! Сіз қырық жастан аспай жатып, сарбуын сырқатына тап болдыңыз. Ем-дом іздеп, бармаған жеріңіз жоқ. Сонда да мойымадыңыз. Еңбек майданынан қалмай, бізді – төрт ұл, төрт қызды жетілдірдіңіз. Бәріміз де осы күні ержетіп, ес тоқтаттық. Әр салада еңбек етіп жатырмыз.

Жетпістен аса бере ауыр науқастан көз жұмғаныңыз да көз алдымда.

Сіз, әке, аласапыран уақытта тағдыр тәлкегіне түспей, аман-сау жүргеніңізде көп ерлік жасай алатын ба едіңіз. Сырқатқа берілмей күресе білу де – ерлік! Көп адам сырқатқа тез сынады. Тез өмірден түңіледі. Сіздің өмірге деген құштарлығыңыз бен құлшынысыңыз мені осы күнге дейін таң қалдырады, әке!

* * *

Бүгін тағы да түс көрдім.

Тағы да әкем түсіме енді. Өзі өте көңілді.

– Менің құрдастарым жайлы жас ұрпаққа көбірек айт, балам, – дейді маған.

– Сіз жайлы ше, әке?

– Құрдастарым аталып жатса, мен үшін өзге бақыт керек емес, балам!.. Олар ел аузындағы кісілер. Ұлт үшін ұлы еңбек тындыра білген ұлағатты азаматтар...

* * *

Осымен түс туралы әңгіме тәмам. Енді шын өмірді айтайық.

Расында да Илияс, Ермұқан және Жұмабек ағалар бір ұлттың маңдайына біткен ірі-ірі тұлғалар. Олармен қалай мақтансақ та жараспас па!

Ойымдағыны қағаз бетіне қалай түсірсем екен деп көптен ойланып жүргенімде, әкем түсіме енгені. Мақала-толғаудың кілті табыла кеткендей болғаны.

Бұл – түс пен өң араласқан, Алаш ардақтылары туралы ой-толғам! Бәрі де шын жүректен шыққан шынайы сезім баяны...

Мәңгі жасай беріңіздер, жүз жасқа толған ұлт ардақтылары!..

Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ, жазушы